



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «МИРАС» МЕКТЕБІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ

Алматы қаласындағы халықаралық «Мирас» мектебі Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Бакалавриат (IB) бағдарламасының философиясы мен оқыту қадамдарын ұлттық білім беру стандарттарының мазмұндық компоненттерімен кіріктіру арқылы жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістемесін енгізетін мектептің инновациялық үлгісі болып табылады.

Қазіргі кезде «Мирас» мектебі – 3 жастан 18 жасқа дейінгі жеткіншектерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытатын үздіксіз білім беру кешені. Президенттің 2011 жылғы жарлығы бойынша Қазақстанның білім беру саласына үш тілділік саясатын енгізу жұмыстары жүргізіле бастады (Adilet.kz, 2011). «Мирас» мектебі болса, құрылғаннан, яғни 2002 жылдан бастап арнайы Тіл саясатына сай жұмыс істеп келеді және де негізгі мақсатының бірі – көптілді білім беруді дамыту, пәндік салалардың трандисциплинарлық кіріктірілуі. Мектепте қазақ, ағылшын, орыс бөлімдері жұмыс жасайды, төрт тілде білім беріледі. Тілдер оқыту бағдарламасының барлық саласында интеграцияланады. Мектебіміздегі әр мұғалім тіл маманы болғандықтан өзінің пәні арқылы оқушының тілін дамытуды негізге алады. Оқушылар мен мұғалімдердің тілдік біліктілігі Тіл саясаты арқылы реттеліп отырады.

Тіл саясаты мектептің мақсаты мен мүддесіне, Қазақстан Республикасының тілдер туралы Заңына, мемлекеттік тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасына және IB талаптарына (Programme standards and practices, 2014) сай құрастырылған.

Тіл саясаты:

- тілдерді оқу және оқытудың мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, стратегиясын анықтайтын қолданыстағы құжат болып табылады. Ол педагогикалық

көзқарастар мен оқыту әдістерін қамтиды;

- мақсатқа жету жолдарын анықтайды және де жетістіктерді сараптайды;
- бүкіл мектеп қауымдастығының коммуникативтік дағдысын дамытуға көмектеседі.

Мектеп қауымдастығының барлық мүшесі тілдерді оқудың және көптілді білімнің маңызын түсінеді. Сондықтан да мектеп әрбір оқушының, қызметкерлердің қажеттіліктерін анықтап, қамтамасыз ету жолдарын қарастырып, тиімді ынтымақтастық орта құрып, көптілді білім беруге қажетті орта қалыптастырады. Мектепте оқытылатын қазақ, ағылшын, орыс, француз тілдерінің оқу бағдарламасын дамыту, қайта қарастыру жұмыстары Тіл саясатына сай реттеліп, жүргізіліп отырады. Тіл саясаты көптілді ортаны дамытуға көмектеседі. Себебі оқушының халықаралық хабардарлық және интернационалдық сана-сезімі сабақта және де сабақтан тыс уақытта, түрлі іс-шаралар барысында, үйірме жұмыстары кезінде және тек тіл арқылы қалыптасады.

Тіл саясатының негізгі принциптері:

- мектептің тіл дамыту және тілдерді оқыту стратегиясы бойынша бірыңғай мүддесін анық көрсетуі;
- оқу бағдарламасының талаптарына және оқушылардың қажеттілігіне сай болуы;
- тіл – оқытудың негізгі болып табылатын маңызды байланыс құралы болып табылуы;



- мектеп қауымдастығының барлық мүшесіне түсінікті әрі қол жетімді болуы;
- мектеп бағдарламасына сәйкес барлық тілдердің мәртебесі мен рөлі туралы ортақ мақсатты көрсетуі тиіс.

«Мирас» мектебінде мемлекеттік тілді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан оқу бағдарламасы үнемі жетілдіріліп, дамытылып отырады. Мәселен, мемлекеттік тілді оқытуға қосымша сағаттар бөлінген. Бастауыш мектепте аптасына 8 сағат болса, орта мектепте 6 сағатқа дейін. Сонымен қатар жаңадан келген оқушылар үшін (бұрын тілді оқымаған Қазақстан және ТМД елдерінің азаматтары үшін) қосымша сабақтар өткізіледі, шетелдік азаматтары үшін «Қазақ тілі

және мәдениет» атты қосымша пән жүргізіледі, мүмкіншілігі шектеулі оқушылар үшін қазақ тілінен арнайы бағдарлама құрастырылды, шешендік өнер үйірмесі, дебат клубы жұмыс жасайды.

Орта мектепте «Театр өнері» сабағы оқу бағдарламасына енгізілді, оқушыларды олимпиада, жарыстарға дайындау үшін қосымша сағаттар бөлінді, мұғалімдерге арналған тілдік курстар ұйымдастырылды, жыл сайын қазақтың мәдениеті мен өнерін дамытуға бағытталған «Мирас әлемі» атты фестивалі, Тілдер күні, Ұлттар мәдениеті күні, MIS MUN конференциясы, «Наурыз» мерекесі сияқты іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Осының бәрі мемлекеттің тілді дамытуда маңызды рөл атқарады.

«Мирас» мектебінде тілдерді оқу әр түрлі деңгей арқылы жүзеге асады. Негізгі, яғни ана тілі (негізгі тіл А) және екінші тіл (екінші тіл В және екінші негізгі тіл А2 тілі). Оқушылар оқу сатысына байланысты 3 немесе 4 тіл оқиды. Оқу бағдарламалары және кіріктірілген бағдарлама Қазақстан Республикасының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының (PYP, MYP, DP) «Тілдер» атты пәндік басшылығына сай құрастырылған.

№1 кестеден тілдерді оқыту балабақшадан басталатынын көруге болады. Оқушылар көптілді білім арқылы тілді оқуда зерттеушілік және



рефлексиялық тәсілдерін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар Дипломдық Бағдарламаның тілдік курстарында (IB ұйымы, 2017) мультисауаттылық дағдыларын да дамытады.

«Мирас» мектебінде қарым-қатынас тілі – ағылшын тілі. Сондықтан ағылшын тілі тереңдетіліп оқылады. Мектеп мұғалімдерінің 20%-ы – шетелдік азаматтар. Олар тек ағылшын тілінде ғана қарым-қатынас жасайды. Ал жергілікті мұғалімдердің көбі үш тілде сабақ береді. Орта мектеп оқушылары үшін тілді тереңдетіп оқуға мүмкіндік беретін оқыту үлгісі (моделі) ұсынылады. Қазақ және орыс тілінде білім алып жатқан

оқушылар дене шынықтыру, музыка, бейнелеу өнері, ғылымдар пәнін (биология, химия, физика, география пәндерінің кіріктірілген курсы), информатика, театр өнері пәндерін қалаулары бойынша және де ағылшын тілі деңгейлері жеткілікті болса, ағылшын тілінде оқи алады. Сонымен қатар ағылшын тілін барлық пәндер арқылы дамыту мақсатында мұғалімдер өз сабақтарында арнайы терминология мен лексиканы үйретіп отырады.

Мысалы, бастауыш мектепте мұғалімдер Әлеуметтік ғылымдар және Математика пәндерінде ағылшын тіліндегі терминдер мен арнайы лексикаларды тұрақты түрде үйретіп отырса, орта мектепте барлық пән үшін ол міндет болып табылады. Оқушылар арнайы терминологиялық сөздік жүргізіп, өздерінің тілдік қорларын дамытып отырады.

Оқушылардың білім деңгейі бастауыш мектепте арнайы тест арқылы, ал орта мектепте қорытынды бағалаумен анықталып, қорытынды бағалау жұмыстары арнайы бағалау күнтізбесі арқылы реттеліп отырады (Assessment Calendar). Төмендегі кестеден 6 сыныпқа арналған бағалау жұмыстарының түрлерін, өткізілетін уақытын көруге болады. Бұл жерде тек бір айлық, яғни қыркүйек айында өткізілетін бастапқы тест түрлері ғана берілген.

№ 1 кесте «Мирас» мектебіндегі көптілді оқыту үлгісі (моделі)

Бөлім	А тілі	В тілі/А2 тілі
Балабақша 3-5 жас	Қазақ тілі А Орыс тілі А	Ағылшын тілі В Ағылшын тілі В және Орыс тілі В
Мектепалды 6 жас	Ағылшын тілі А Қазақ тілі А Орыс тілі А	Қазақ тілі В және Орыс тілі А2 Ағылшын тілі В Ағылшын тілі В және Қазақ тілі В
Бастауыш мектеп 1-5 сыныптары	Ағылшын тілі А	Қазақ тілі В және Орыс тілі В шетелдік азаматтар үшін. Орыс тілі А Қазақстан азаматтары үшін
	Қазақ тілі А Орыс тілі А	Ағылшын тілі В және Орыс тілі А2 Ағылшын тілі В және Қазақ тілі В
Орта мектеп 6-10 сыныптары	Ағылшын тілі А	Қазақ тілі А2, Қазақ тілі В және орыс тілі А Қазақстан азаматтары үшін. Орыс тілі В және Француз тілі В шетелдік азаматтар үшін
	Қазақ тілі А Орыс тілі А	Ағылшын тілі В және Орыс тілі А2 Ағылшын тілі А және Қазақ тілі В
Негізгі мектеп 11 сынып (Мемлекеттік бағдарлама)	Қазақ тілі А Орыс тілі А	Ағылшын тілі В және Орыс тілі А2 Ағылшын тілі В және Қазақ тілі В
Дипломдық бағдарлама	Ағылшын тілі А	Орыс тілі, Француз тілі немесе Қазақ тілі

Күні	Бағалау жұмысының түрі
Қыркүйек 11.09 – 22.09	А тілі бойынша
	Орыс тілі А «Жазғы қызықтар» (эссе)
	Қазақ тілі А «Жазғы демалыс» (эссе)
	Ағылшын тілі А «Жазғы демалыстан алған әсерім» (шығармашылық хат)
	В тілі бойынша
	Қазақ тілі В «Менің атым Қожа» (беймделген мәтінмен жұмыс)
	Ағылшын тілі В «Менің жазғы демалысым» (эссе және грамматикалық тест)

Көптілді орта құру мектептің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан білім беруде пәндерді кешенді және өзара байланысты оқытуда тілдердің әдістемелік дәйекті ара қатынасы көптілді білім берудегі негізгі құрамдас бөлік болып табылады. Ол үшін зерттеу арқылы оқытуға негізделген тиімді әдіс-тәсілдер қолданылуы керек. Барлық мұғалімдер тілді сауатты және дұрыс қолданудың нағыз үлгісі болып табылатындықтан, өз пәндері арқылы мектеп мұғалімдері өздерінің тілге деген құрметтері мен сүйіспеншіліктерін оқушыға көрсете отырып, олардың бойында жаңа білімге деген құштарлықтарын оятып, оларды ескіден жаңаға, жеңілден ауырға талпынуға итермелейді. Оқушылар қиын концепцияларды түсінуге қажетті дағдылары мен түсініктерін қалыптастыру үшін өздерінің тіл байлықтарын қолданады. Мектеп болса, тілді оқыту сапасын арттыруда қолданылатын кез келген заманауи білім беру технологияларын әрқашан да қолдап, жетілдіріп отырады. Төмендегі №2 кестеден бастауыш және №3 кестеден орта мектепте әр түрлі пәндерді оқыту барысында тіл дамытуға қаншалықты уақыт бөлінетіндігін көруге болады.

№2 кесте

Пәндер	Тіл дамыту
Тілдер	100%
Әлеуметтік ғылымдар	25%
Математика	20%
Өнер	10%
Ғылымдар мен технология	25%
Жеке және физикалық даму	20%

№3 кесте

Пәндер	Тіл дамыту
Тілдер (ағылшын, қазақ, француз, орыс)	100%
Гуманитарлық ғылымдар (тарих, Қазақстан тарихы, география, өзін-өзі тану пәндерінің кіріктірілген курсы)	25%
Ғылымдар (биология, химия, физика пәндерінің кіріктірілген курсы)	25%
Математика	20%
Өнер	10%
Дене шынықтыру	10%
Компьютерлік технологиялар	10%

Халықаралық «Мирас» мектебі ІВ мектебі ретінде оқушының ана тілін қолдауға аса көңіл бөледі. Ана тілінде қарым-қатынас жасау және оны бағалай білу ұлтының мәдени ерекшелігін сақтаудағы негіз болып табылады. Сондықтан мектеп әрбір шетелдік оқушының ана тіліне қолдау көрсетуге тырысады. Мектеп қауымдастығының ажырамас бөлігінің бірі – ата-аналар. Олар әрқашан өз балаларының ана тілін дамытуына көп көңіл бөліп отырады. Ата-ана үйлерінде тілдік орта құрады және тілдік дағдыларын үздіксіз дамытып отыру үшін мұғалімдермен тығыз байланыс жасап, мектеп кітапханасында балаларына әдеби кітаптар оқып, қолдарынан келгенше әр түрлі іс-шаралар өткізіп, өздерінің ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерімен таныстырып отырады. Сонымен қатар мектеп түрлі шетелдік елшіліктермен, консулдықтармен, Қазақстан халқы Ассамблеясымен тығыз байланыс жасайды. Оқушының ана тіліне қолдау көрсету мақсатында жыл сайын кітапхана қоры жаңа кітаптармен, журналдармен, газеттермен, электронды құралдармен толықтырылып отырады және халықаралық фестивальдар, Кітап жәрмеңкесін, Кітап апталығын, әр түрлі мемлекеттердің мәдениеті күндерін жиі өткізіп отырады.

«Мирас» мектебінің қарым-қатынас тілі ағылшын тілі болғандықтан Тіл саясаты ағылшын тілінің мәртебесін негізге алады және мектептің барлық құжаттары, ата-аналармен жасалатын келісімшарттар ағылшын тілінде де жүргізіледі. Барлық мектеп жиналыстары ағылшын тілінде өткізіледі. Ағылшын тілінде өткізілетін халықаралық олимпиадалар мен жарыстарға оқушылар тұрақты түрде қатысып отырады.

Әрбір мұғалім өзінің оқытатын пәніне қарамастан, тіл мұғалімі болып табылатындықтан, мектеп мұғалімдердің кәсіби дамуына көп көңіл бөледі. Әрине мұғалімдердің басым көпшілігі үш тілді және барлық бөлімде сабақ бере алады. Дегенмен де кейбір мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері үшін ағылшын тілі курсы жүргізіледі.

Тіл саясаты – үш тілде жүргізілетін, мектептің барлық қауымдастығына қол жетімді мектеп құжаты. Бұл құжатты әр оқу жылының соңында мектеп қауымдастығының мүшелерінен құралған арнайы топ қайта қарастырып, толықтырулар енгізіп отырады. Тіл саясаты жұмыс құжаты және оның талаптарын мектеп қауымдастығының барлық мүшелері толық орындауға міндетті.

Л. Т. АКИМЖАНОВА,
халықаралық «Мирас» мектебі
директорының қазақ сыныптары
бойынша орынбасары

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности языковой политики международной школы «Мирас» города Алматы. Знание государственного и владение несколькими языками становится фактором личной конкурентоспособности граждан страны. Опыт успешного языкового обучения школьников в международной школе «Мирас» делится в своей статье заместитель директора по классам с казахским языком обучения.